

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BGQF1735>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF1769>

***Г. Ә. Сәрсеке¹, Б. Е. Акмагамбетова²**

¹Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

²М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Петропавл қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1670-5131>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9662-893X>

*e-mail: sarseke_ga@enu.kz

АКАДЕМИЯЛЫҚ ДИСКУРС: ЕСІМДІКТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі академиялық дискурстың тілдік ерекшеліктерін салыстырмалы тұрғыда талдау мақсат етіледі. Зерттеудің өзектілігі қазіргі жаһандану заманында халықаралық ғылыми қауымдастықта ықпалдасудың маңыздылығымен айқындалады.

Тілдік құзыреттіліктің жоғары деңгейі бүгінгі күні зерттеушілердің әлемдік деңгейде танылуына, ғылыми еңбектерінің дәйексөздік индексін арттыруға және жаһандық ғылыми кеңістікте бәсекеге қабілетті болуға әсер етеді. Осы тұрғыда қазақ, орыс және ағылшын тілдері арасындағы академиялық дискурстың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау – ғылыми коммуникациядағы тілдік құралдарды тиімді пайдалану үшін аса қажет.

Зерттеудің мақсаты – үш тілдегі академиялық мәтіндердегі лексика-грамматикалық және стилистикалық ерекшеліктерге, әсіресе есімдіктердің қолданысына жүйелі салыстырмалы талдау жүргізу. Мақалада 2020 жылдан бері жарық көрген монографиялар мен докторлық, магистрлік диссертациялар негізге алынды. Зерттеу барысында ғылыми мәтіндерде қолданылатын есімдіктердің семантикалық, стилистикалық қызметі мен олардың автор бейнесін қалыптастырудағы орны талданады.

Зерттеудің теориялық құндылығы – үш тілде бірдей академиялық дискурстың даму үрдісіне екпін бере отырып, ондағы грамматикалық тұлғалардың, бірінші кезекте есімдіктердің, дискурсивті қызметіне кешенді салыстырмалы талдау ұсынуында.

Зерттеудің практикалық маңызы – мақалада алынған нәтижелер мен қорытындылар жоғары оқу орындарындағы тіл мамандарына, аудармашыларға, академиялық жазылым дағдыларын оқытатын оқытушыларға және халықаралық журналдарға мақала дайындаушыларға әдістемелік тұрғыдан пайдалы болмақ. Зерттеудегі табылған тұжырымдар академиялық стильді жетілдіру, ғылыми мәтіндерде авторлық ұстанымды дұрыс беруді қамтамасыз ету, тілдік нормалар мен жанр талаптарын сақтау мәселелерін шешуде қолдануға болады.

Бұл зерттеуде әдебиеттерді талдау, корпус негізінде салыстырмалы әдіс, статистикалық сандық талдау және сапалық сипаттама әдістері пайдаланылды. Нәтижесінде академиялық мәтіндегі есімдіктердің мағыналық, стилистикалық және мәдени-әлеуметтік қырлары айқындалып, олардың функциялық рөліне баға берілді.

Кілтті сөздер: академиялық мәтін, ғылыми стиль, коммуникация, тілдік құрал, есімдік, лексика-грамматика, стилистикалық ерекшелік.

Кіріспе

Академиялық дискурс – ғылымның дамуымен қатар өзгеріп, жетіліп отыратын ерекше функционалды стиль. Заманауи ғылыми коммуникацияда дәлелді пікір білдіру, мәліметті нақты деректермен дәйектеу және ғылыми тұжырымды құрылымдық жағынан сауатты ұсыну – кез келген зерттеуші үшін маңызды міндет. Өсіресе көптілді әлемде академиялық дискурс тек бір тілдің аумағымен шектелмей, халықаралық ғылыми кеңістікте жан-жақты қолданылып келеді.

Академиялық жазу қазақтың ғылыми жазба тілінің бір тармағы болғандықтан, оның қалыптасу негізін айқындау үшін алдымен отандық тілші-ғалымдардың еңбектерін саралау қажет деп шештік. Ұлт өміріндегі тілдің шешуші рөліне тоқталған зерттеушілер аз емес. Мәселен, ғалым Ф. Оразбаева былай дейді: «Қазақ тілі, жалпы кез келген тіл – адамдардың бір-бірін түсінісуіне, пікір алмасуына және өзара қатынас құруына жол ашатын маңызды құрал ғана емес, сондай-ақ ішкі-сыртқы әлеуметтік-экономикалық әрі саяси ахуалдарға ықпал ететін фактор» [1, 123-б.].

Қазақ тіл біліміне қатысты зерттеулер ғасырлар бойы үздіксіз жүргізіліп келеді. Себебі тіл – елдегі ғылым мен технологияның, әлеуметтік-саяси өзгерістердің дамуына байланысты дамып, жаңарып отыратын құбылыс. Тіл мәселесіне ерекше көңіл бөлген көрнекті ғалымдардың бірі – **А. Байтұрсынов**. Оның «Тілқұрал» еңбегі қазақ лингвистикасының қалыптасуында айрықша маңызға ие болды. Байтұрсыновқа дейін де қазақ тілі жөнінде еңбектер жазылғанымен, олардың барлығы орыс тілінде болған

әрі қазақ тілінің терминологиялық жүйесі әлі жасалмаған еді. Сондықтан ол зерттеулерді қазақ тіл білімінің бастауы деп айту қиын; бұл саладағы негізгі тұлға – дәл А. Байтұрсынов екені даусыз [2, 256-б.].

Қазақ ғылыми тілінің орнығуына ерекше үлес қосқан тағы бір ғалым – **К. Жұбанов**. Ол А. Байтұрсынов қалыптастырған қазақ терминологиясының қағидаттарын 1925–1935 жылдар аралығында ғылыми тұрғыдан негіздеп, жүйеледі. 1935 жылы Мемлекеттік терминология комиссиясының құрылуына бастамашы болған да осы ғалым. Нәтижесінде қазақ тіл білімінде бұрынсоңды болмаған жаңалықтар орын алды: тілдік деректерді тіркеп, белгілеу үшін жаңа ұғымдар, құбылыстар, терминдер жасалды; ғылым, білім, мәдениет, өнер салаларында жұртты тандандырған тың сөздер пайда болды; ресми құжаттар ана тілінде жүргізіле бастады. Бұған қоса, ана тілінде шығатын газет-журналдар көбейіп, жергілікті мектептер саны артты, оқу пәндері де ана тілінде оқытылатын деңгейге жетті [3, 119-б.].

Ежелгі академиялық жазу нұсқаларын зерттеген Б. Әбілқасымов «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті» еңбегінде Ильминскийдің «Қырғыздарға орысша хат танытқыш» («Самоучитель русской грамоты для киргизов») кітабын алғашқы ғылыми әдебиет үлгісі деп тануға болатынын айтады: онда білім беру де, тілдік материал да қатар қамтылған. Орысша сөздер мен олардың қазақша баламалары ұсынылғанымен, кейбірі аудармасыз берілген [4, 85-б.]. Бұл мәтіндер сол дәуірдегі қазақ тілінің ғылыми ақпарат жеткізу қабілетін, қалыптаса бастаған ғылыми терминдер мен тіркестерді көрсетеді.

Қазақ тіліндегі академиялық мәтіндер көбіне ұлттық ғылыми орта шеңберінде қалатын болса, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіндер кең ауқымда қолданылады. Десек те, қазіргі жаһандану заманында қазақ тіліндегі ғылыми зерттеулерді халықаралық деңгейде тарату талпынысы артып отыр. Осы мақсатта қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі академиялық дискурстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау, олардың ерекшелігін ескере отырып, сапалы ғылыми мақалалар мен еңбектер даярлау қажеттігі туындайды.

Қазақстандағы академиялық жазудың тарихына көз жүгіртсек, Р. Сыздықованың «Қазақ әдеби тілінің тарихы» еңбегінде академиялық стильдің ұлттық әдеби кезеңге дейінгі жартылай ғылыми әдебиет, ресми құжат және эпистолярлық (хат) стильдерден бастау алатыны айтылады. Ол дәуірдегі жартылай ғылыми мәтіндер ғалымдардың жеке жазбалары мен хаттары, кеңсе қағаздары, мемлекеттік жарлықтар, діни әдебиет пен шежірелерді қамтыды.

Зерттеуші қазақ стилистикасының тармақталуын XIX ғасырдың екінші жартысында шыға бастаған мерзімді баспасөзбен байланыстырады. XVIII–XIX ғасырлардың алғашқы жартысында қазақ хандары, сұлтандары, билерінің Ресей империясы әкімшілігіне жазған хатқұжаттарының тілі қалыптасқан. Ондағы лексика-фразеология ортағасырлық түркі жазба дәстүрін жалғастырса, орфография-грамматикалық ерекшеліктері сол дәуірдің әлеуметтік-этникалық, экономикалық болмысымен сабақтасты [5, 237-б.].

Ал ғалым М. Балақаев өз зерттеуінде стилистиканы тіл білімінің жаңа саласы деп көрсетіп, оның тарихы бұрынырақ басталғанымен, арнайы көңіл бөлу жақында ғана қолға алынғанын, жергілікті жоғары оқу орындарында стилистика жеке пән ретінде тек соңғы уақытта оқытыла бастағанын жазады. Кейінірек бұл қатарға кітап тілінің, ғылыми, көркем әдеби, публицистикалық, ғылыми-педагогикалық стильдердің қосылғанын ғалым атап өтеді [6, 190-б.].

Есімдіктер ғылыми дискурстың объективтік, дәлдік, дерексіздік сияқты қасиеттерін іске асыратын негізгі грамматикалық тетік саналады. А. Ибатовтың еңбектерінде есімдіктің морфологиялықсинтаксистік қырлары терең сипатталса, жалпы грамматика зерттеулерінде оның референттік қызметі айқындалады. Алайда қазақ тіліндегі ғылыми мәтіндерде есімдіктердің нақты жиілігі мен таралу үлгісі жүйелі түрде қарастырылмаған [7, 68-б.].

Қазақ лингвистикасында академиялық жазудың қалыптасуына үлес қосып жүрген зерттеушілердің бірі – Е. Оспанов. Ол академиялық жазудың моделін әзірлеуде ана тілінің ерекшеліктерін басшылыққа алып, шетелдік оқыту тәжірбиесіндегі тиімді әдістерді іріктейді. Оның пікірінше, академиялық жазу объектілігімен, ғылыми стильде жазылуымен, жүйелі құрылымымен және сілтеме келтіруімен сипатталады. Ғалым академиялық жазу мен ғылыми стильдің ортақ қырлары – дәлдік, объектілік және логика деп көрсетеді. Сонымен қатар ол академиялық жазуды теориялық әрі практикалық тұрғыдан қарастырып, жоғары оқу орны студенттеріне арналған құнды еңбектер жариялады [8, 74-б.].

Басқа да отандық зерттеушілер академиялық эссе, курстық жұмыс, диссертация, дипломдық жұмыс жазу әдістемесін, сондайақ жеке ойды жүйелі жеткізу мен оны мақсатты аудиторияға түсінікті етіп ұсыну машықтарын сипаттап ұсынды [9, 78-б.].

Академиялық жазу мәселесімен шұғылданатын отандық зерттеушілер алыс-жақын шетел ғалымдарының тәжірибесін де назардан тыс қалдырмай, шетелдік теориялықпрактикалық ұстанымдарды ескереді.

Шетелде академиялық жазу дербес ғылым саласы ретінде жанжақты зерделеніп, теориясы мен практикасы толыққанды дамығаны белгілі.

Мәселен D. Russell ағылшын тіліндегі «академиялық жазудың» төмендегідей маңызды ерекшеліктерін атап өтеді: «*Күрделілік (Complexity)*: Академиялық мәтіндердің құрылымы күрделі келеді әрі күнделікті сөйлеу тілімен салыстырғанда, арнайы терминдерге толы болады. *Дәлдік (Precision)*: Ғалым немесе зерттеуші жазба жұмыстарында фактілер мен сандарды нақты, қысқа әрі түсінікті түрде көрсетуі керек. *Ресмилік (Formality)*: Академиялық жазу ресми стильде болады, яғни нақты және іскерлік лексика қолданылады. *Объективтілік (Objectivity)*: Мәтін объективтілік қағидаларына негізделеді. Автор өз ойын дәлелдер арқылы жеткізуі тиіс. Осы себепті академиялық жазбада зат есімдер жиі қолданылып, етістіктер саны аз кездеседі. *Нақтылық (Accuracy)*: Ғылыми ойды білдіруде автор ғылыми тілдің дәлдігіне, яғни фактілік және ұғымдық анықтығына мән береді. *Ашықтық, айқындылық (Explicitness)*: Академиялық мәтінде берілген ақпараттардың өзара байланысы анық көрсетіледі. Авторлар оқырманның мәтінді дұрыс түсінуіне, әр бөлімнің логикалық байланысын сезінуіне жауапты. *Құрылымдылық (Organization)*: Академиялық жазба айқын құрылыммен ерекшеленуі керек – логикалық ретпен орналасқан абзацтар, бір бөлімнен екіншісіне өтудің бірізділігі сақталуы шарт [10, 9-б.].

Орыс тіл білімінде академиялық жазу мен ғылыми дискурсты зерттеу қазіргі таңда бірнеше маңызды бағыттарды қамтиды: ғылыми мәтіннің құрылымдық ерекшеліктері, прагматикалық және когнитивтік параметрлері, сөзжасамдық және лексика-грамматикалық сипаттары.

Аталған саладағы іргелі еңбектердің бірі – И. Р. Гальпериннің «Текст как объект лингвистического исследования» атты монографиясы. Ғалым мәтінді күрделі семиотикалық бірлік ретінде қарастыра отырып, когезия мен когеренттілік ұғымдарын енгізеді. Ол ғылыми мәтіндердің логикалық байланысы мен грамматикалық біртұтастығының маңызын ерекше атап өтеді. Гальпериннің пайымдауынша, ғылыми дискурста **есім сөз таптары** (зат есімдер мен сын есімдер) басым болып келеді және олар атаулану мен категориялаудың негізгі құралы ретінде қызмет атқарады [11, 81-б.].

Н. С. Валгина «Теория текста» еңбегінде ғылыми мәтіннің жүйелілігі мен функционалдық ұйымдасуына назар аударады. Автор композициялық құрылымдарды, стильдік белгілерді саралап, синтаксистік үлгілердің академиялық стильге тән екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, ол ғылыми тілде **есімдіктердің** өте сирек қолданылатынын және бұл құбылыс мәтіннің объективтілігін қамтамасыз етуге бағытталғанын айтады [12, 121-б.].

Зерттеуші О. Александрова «Лингвистические особенности научного дискурса» атты еңбегінде ғылыми дискурсты когнитивтік-коммуникативтік құрылым ретінде қарастырып, мәтіндегі логикалық байланыстардың эксплицитті берілуі басты рөл атқаратынын айтады. Автор шылаулар, үстеулер, модальдық құрылымдар сияқты сөз таптарының мәтіннің когеренттілігін қамтамасыз етудегі қызметін талдайды. Сондай-ақ, жекеше тұлғалы есімдіктердің (әсіресе «мен») академиялық дискурста дерлік қолданылмайтынын, оның орнына бейтарап және жалпылама-жекеше құрылымдардың қолданылатынын атап өтеді [13, 97-б.].

Материалдар мен әдістері

Зерттеу барысында контент-талдау әдісі қолданылды. Әр мақала мен диссертациядан есімдіктердің (мысалы, «мен», «біз», «я», «мы», «I», «we») қолданылу жиілігі алынып, олардың сөйлем ішіндегі позициясы мен грамматикалық рөлі зерттелді. Контент-талдау барысында мәтіндердегі есімдіктердің стилистикалық қызметін, формалдылық деңгейін және мазмұнның жалпы құрылымына әсерін сипаттау мақсаты қойылды. Салыстырмалы лингвистикалық талдау арқылы қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі тақырыпқа қатысты деректердің ұқсас және айырым белгілері жинақталып, салыстырылды.

Ғылыми мәтіндердегі есімдіктердің қолданысын талдау үшін барлығы 60 ғылыми мақала қарастырылды. Олардың ішінде 20 мақала қазақ тіліндегі мақалалардан, 20 мақала орыс тілінің ұлттық корпусынан [15], 20 мақала ағылшын тілінің корпусынан алынды [16].

Нәтижелер және талқылау

Академиялық дискурста стилистикалық және грамматикалық құралдардың, соның ішінде есімдіктердің, дұрыс таңдалуы – автордың ойын дәл жеткізуге, ғылыми нәтижені түсінікті әрі нанымды ұсынуға ықпал етеді. Зерттеушінің академиялық мәтін жазудағы мақсаты – өзінің идеясын, нәтижелерін және пайымдарын ғылыми талаптарға сай ұсына отырып, коммуникативтік тиімділікке жету. Бұл процесс бір жағынан, ғалымның жеке стильдік ерекшеліктерін көрсетсе, екінші жағынан, жалпыакадемиялық нормаларды сақтауды талап етеді.

Академиялық мәтіндерде есімдіктерді қолдану – автор мен оқырман арасындағы коммуникативті байланыстың маңызды құралы. Есімдіктердің дұрыс немесе тиімді қолданысы ғылыми еңбектің дәйектілігін, түсініктілігін және стилистикалық бірізділігін қамтамасыз етеді. Мәтіннің ішкі құрылымы мен тұтастығы да есімдіктердің мағыналық байланыстылығына тәуелді.

Академиялық дискурста есімдіктердің қызметі өте маңызды, себебі олар автордың өзіндік ұстанымын білдіру, дерексіз немесе нақты субъектілерге

сілтеме жасау, ғылыми қауымдастықтың ұжымдық пікірін жеткізу сияқты функциялар атқарады. Есімдіктердің қолданыс аясы бір жағынан тілдің ішкі нормаларына байланысты болса, екінші жағынан, дискурстың жанрлық және стилистикалық талаптарына сәйкес айқындалады. Мәселен, қазақ тіліндегі ғылыми мәтіндерде авторлық ұстанымды білдіру үшін «мен» немесе «біз» есімдіктері кейде ашық қолданылады. Мысалы: *«Біз бұл мақалада XIX ғасыр әдебиетіндегі ... талдаймыз»*. Жеке көзқарас, тұжырымды нақтылау қажет болғанда, «менің ойымша», «менің пікірімше» деген тіркестер де кездеседі. Тиісінше, жаратылыстану саласындағы ғылыми мәтіндерде көп жағдайда «мен» түрінде емес, «біз» есімдігі немесе «авторлардың пікірінше», «зерттеу барысында анықталды» деген енжар конструкциялар қолданылады. Мысалы, *«Біз осы тәжірибеде натрий хлоридінің кристалдану жылдамдығын анықтадық»*, *«Бұл мақалада ұсынылған әдіс бойынша есептеулер жүргіздік»*. *Біздің түсінігімізше, этникалық ұлт ұғымын ескірген, уақыты өткен ұғым ретінде ғылыми айналыстан шығарып тастауға болмайды.*

Қазақ тіліндегі академиялық дискурста «біз» есімдігі көбіне ұжымдық авторлықты немесе зерттеушінің өз командасымен бірге жүргізген жұмысын білдіру үшін қолданылады. Мысалы: *Бұл зерттеу жұмысында біз алдымен мәтіндер корпусының көлемін анықтап алдық, содан кейін дискурсивтік талдау әдістерін белгіледік.*

Бұл жерде «біз» есімдігі нақты бір топтың жүзеге асырған іс-әрекетін көрсетеді. Сонымен қатар қазақ тіліндегі ғылыми мәтіндерде «менің ойымша», «менің пікірімше» деген тұжырымдар сирек ұшырасады. Автор өзінің жеке көзқарасын білдіретін болса да, көп жағдайда «біз» формасына жүгінеді.

Ғылыми мәтіндерде сілтеу есімдігі біздің анықтауымызша, мынадай негізгі қызметтер атқарады:

1. Мәтіншілік нақты сілтеме беру. Яғни тарихи даталарға, оқиғаларға, әдеби шығармаларға нақты сілтеме беру. Мысалы: *Осы оқиға сол кезеңдегі қоғамдық ойдың өзгеруіне ықпал етті.*

2. Бұрын айтылған ойды, объектіні, көрсеткішті қайталағанда ықшамдылықты сақтау. Мысалы: *«Бұл пайым осы тақырыпқа қатысты ғалымдардың пікірін растайды»*.

3. Оқырманды қажетті тұсқа бағыттау. *Бұл реактордағы қысымның өзгеруі технологиялық процесте басты рөл атқарады»*.

Белгісіздік және жалпылауыш есімдіктері статистикалық және жалпылаушы ұғымдарды енгізу үшін жиі қолданылады. Мысалы, мөлшерді немесе жалпылауды көрсету былайша көрінеді: *«Кейбір зерттеулерде бұл*

құбылысқа басқаша анықтама беріледі», «Бәрі бірдей бұл көзқарасты қолдай бермейді».

Салыстырмалы-статистикалық мағынаны енгізіп, нақты дерек аясын кеңейту немесе шектеу қызметін атқарып, мәтіннің өзара бөліктерінің байланысын күшейтеді. Мысалы: *«Бірнеше эксперименттік үлгілерде реакция нәтижесі өзгеріссіз қалды», «Барша деректер ортақ тенденцияны көрсетеді».*

Әрбір академиялық мәтіннің міндетті түрде авторы болады және ол нақтылы оқырманға арналғандықтан, автордың мақсаты – белгілі бір ақпаратты жеткізіп қана қоймай, сонымен бірге ұсынылған дәлелдердің дұрыстығына оқырманды иландыру. Академиялық дискурс зерттеушілері мәтіндегі автор ұстанымының лингвистикалық көрінісіне жиі назар аударған. Дәстүрлі түрде, отандық және шетелдік лингвистикада ғылыми саладағы коммуникация нормасы мәтіннің «дерексіздігі» болып есептелген, өйткені академиялық дискурстың басты белгілерінің бірі саналған объективтілік ешқандай «жеке факторды» қабылдамайды. Мысалы, А. Эйнштейн «мен» сөзінің ғылыми тақырыптарды талқылауда орны жоқ екенін баса айтады [17, 113-б.].

Академиялық мәтіндерде «жеке менге» қандай да бір сілтемелерден аулақ болу – ғылыми нәтижелердің объективтілігін байқататын, сол арқылы ғылымды сендірудің бір амалы ретінде қарастырылады. Себебі мұндай нәтиже оны алған және ол туралы хабарлап отырған авторға тәуелді болмауға тиіс.

Ағылшын тілді академиялық мәтіндерде де «мен» есімдігінің қолданылуына қатысты айтарлықтай айырмашылықтар бар: нақты және техникалық ғылымдар әлі де автордың тікелей қатысуын қолдамайды, ал гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарда бірінші жақтағы жіктеу есімдіктері мәтінде жиі кездеседі [18].

К. Хайланд академиялық мәтінде автор позициясының берілуін талдай отырып, оны эксплицитті түрде көрсетудің мынадай 4 тәсілін атап көрсетеді:

1 Өртүрлі модальді шектеу құралдарын қолдану – бұл, негізінен, ақпаратты фактіден гөрі пікір ретінде ұсынуға мүмкіндік беретін тілдік құралдар. Осы құралдардың көмегімен мәтіндегі пайымдау тиімді болады.

2 Пайымдаудың пропозициялық мазмұнын күшейтегін тілдік құралдарды қолдану – бұлар автордың өз тұжырымдарына деген сенімділігін айқындауға көмектеседі.

3 Өртүрлі бағалау құралдары мен ұсынылған материалға автордың қатынасын білдіруге мүмкіндік беретін құралдарды қолдану.

4 «Өзіндік сілтеме» – бірінші жақтағы жекеше және көпше жіктеу есімдіктерін қолдану, сондай-ақ өзіндік еңбектерге сілтеме жасау [19, 177-б.].

Академиялық мәтіндердегі есімдіктерді қолдану тек әртүрлі тілдерде ғана емес, бір тілдің өз ішіндегі түрлі пән салаларында да ерекшеленеді. Мәтінде бірінші жақтағы жіктеу есімдіктерін қолдану немесе қолданбау көп жағдайда автордың саналы таңдауы болып табылады. К. Хайландтың пайымдауынша, бір жағынан, бұл – «автордың даралығы, сенімділігі, тәжірибесі және идеологиялық ұстанымдарының» ықпалымен жасалған жеке таңдау. Екінші жағынан, зерттеуші «авторлар әлеуметтік вакуумда жұмыс істемейді және білім қоғам қабылдаған практикалардан тыс жасалмайды» деп жалғастырады, мұнда ол ұлттық жазу дәстүрлерінің ерекшеліктерін де, пән саласының ерекшеліктерін де меңзеп отыр. Өзге еңбектерінде К. Хайланд автордың білім алған және қалыптасқан ұлттық академиялық мәдениетінің маңызын да ерекше атап көрсетеді [19].

Ағылшын және орыс тілдеріндегі мәтіндерді салыстыра талдау ағылшын тіліндегі ғылыми мақалалардың, орыс тіліндегілермен салыстырғанда, автордың қатысуын білдіру дәрежесінің жоғарырақ екенін көрсетті: ағылшын тіліндегі барлық мақалаларда автордың қатысуы «I» жіктеу есімдігін қолдану арқылы айқын көрінсе, орыс тіліндегі жиырма мақаланың тек үшеуінде ғана «я» есімдігі кездеседі.

Орыс тіліндегі мәтіндерде автордың қатысуын білдірудің ең жиі ұшырасатын тәсілі – бірінші жақ көпше түріндегі «мы» жіктеу есімдігі мен «наш» тәуелдік есімдігін қолдану.

1-кесте – Жіктеу есімдіктерінің қолданылу көрсеткіші

	I (я)	We (мы)	I & we (я және мы)	We (мы) жеке дара қолданысы	Есімдіктің қолданылмауы
Ағылшын тілі	20 (100 %)	19 (95 %)	19 (95 %)	—	—
Орыс тілі	3 (15 %)	18 (90 %)	3 (15 %)	15 (75 %)	2 (10 %)

Кестеден байқағанымыздай, орыс тіліндегі корпуста екі мақалада бірінші жақ жіктеу есімдіктері мүлде кездеспейді. Алайда ең айқын ерекшелік – орыс тіліндегі корпустың 15 мақаласында жалғыз есімдік формасы ретінде тек «мы» көпше түрі қолданылады. Ағылшын тіліндегі мәтіндерде де көпше түрдегі есімдіктер кездеседі, дегенмен олар жекеше түрдегі есімдіктермен қатар қолданылады және көбіне оқырманды «тартудың» (қатыстырудың) бір әдісі қызметін атқарады. Жиі жағдайда жекеше және көпше түрдегі есімдіктер бір-біріне жақын контексте қолданылады, бұл авторға өз «менін» ұжымдық «бізден» (мы с вами) айқын ажыратуға мүмкіндік береді: *Having explored the phase transition*

in two complete data sets, I now consider how we would investigate it if complete network data were unavailable and all we had was sample data.

Орыс тіліндегі екі формада (жекеше және көпше түр) кездесетін мақалаларда ұқсас мысалдар бар: *Мне кажется, мы недооцениваем их интереса к обществу, к его истории или просто не хотим изучать его.*

Сонымен қатар орыс тіліндегі ғылыми мақалаларда есімдіктер ашық түрде айтылмағанымен, етістік формасы арқылы айқын байқалатын жағдайлар кездеседі: (3) *Приведем пример того, как достижения отечественной (советской и российской) демографической школы ...*. (4) *Приведу пример 1970-х годов. ...*. Мысалы, (3)-мысалда «мы» есімдігі жасырын түрде кездесе, (4)-мысалда «я» есімдігі меңзелген.

Мәтінде автордың қатысуын білдіретін түрлі құралдардың қолданылу жиілігі, сөзсіз, мақалалардағы автордың қаншалықты айқын көрінетінін жалпы сипаттайды. Орыс және ағылшын тіліндегі ғылыми мәтіндерде тек авторды ғана көрсететін есімдіктердің жиілігі былайша анықталды:


2-кесте – Авторды ғана көрсетуге бағытталған есімдіктер қолданысы

	«Мен» есімдігі және оның формалары	«Біз» есімдігі және формалары	Өзге	Барлығы	Бір мақалаға орташа көрсеткіш»
Ағылшын тілі	804		28	832	41,6
Орыс тілі	48	164	23	235	11,8

Талдау нәтижелері көрсеткендей, есімдіктің әртүрлі формаларын ағылшын тілді авторлар орыс тілінде жазатын авторлармен салыстырғанда 2,5 есе жиі қолданатыны байқалды. Сондай-ақ назар аударатын жайт – ағылшын тіліндегі корпуста тек авторға ғана қатысты «мы» есімдігінің бірде-бір рет кездеспеуі (бұл таңқаларлық емес, себебі жоғарыда айтылғандай, барлық мақалада авторлар «І» есімдігін пайдаланады), ал орыс тіліндегі мақалаларда «авторлық біз» («көпше түрдегі кішіпейілділік») әлі де авторды танытудың ең кең тараған тәсілі болып отыр. Есімдіктерді қолдану-дағы мұндай айырмашылықтардың бір ықтимал себебі – англо-америкалық жазу дәстүріндегі авторлар жүргізген зерттеуін, мақаладағы дәлелдер мен қорытындылар-ды өзімен тығыз байланыстырып, жеке ғылыми үлесін айқындауға тырысатыны. Ал орыс авторлары, керісінше, жеке позициясы мен зерттеудегі үлесін айрықша көрсетпеуді жөн санайды. Бұл қазақ тілінің ғылыми мәтіндеріндегі негізгі ерекшелік екенін баса айтқан жөн.

Қазақ тіліндегі ғылыми мәтіндерде есімдіктердің қолданысы мәтіннің академиялық сипатын анықтайтын маңызды факторлардың бірі болып

табылады. Жоғарыдағы талдау нәтижесінде ғылыми дискурста ең көп қолданылатын есімдіктер тобы былайша анықталды.



1-сурет

Жиілігі жағынан ең басым топ сілтеу есімдіктері («бұл», «осы», «сол») – 1700 рет қолданылған, барлық есімдіктердің 37,8 %-ын құрайды. Бұл есімдіктер ғылыми мәтіндерде жиі қолданылады, өйткені олар ғылыми тұжырымдарға, фактілер мен дәлелдерге сілтеме жасау арқылы мәтін ішілік байланыстарды нығайтады. Сонымен қатар, үшінші жақ есімдіктері («ол», «олар») де кең қолданысқа ие (1500 рет, 33,3 %), бұл есімдіктер ғылыми стильдің объективтілік пен бейтараптық талабына сәйкес келеді.

«Біз» есімдігі авторлық позицияны білдіретін негізгі құрал ретінде қолданылады. Оның жалпы есімдіктер ішіндегі үлесі 18,7 % (840 рет) құрайды. Бұл көрсеткіш авторлардың жеке пікірден қашып, ұжымдық пікірді көрсетуді жөн көретінін аңғартады. Керісінше, жеке авторлық позицияны білдіретін «мен» есімдігі айтарлықтай сирек (2,7 %, 120 рет) қолданылған. Бұл академиялық дискурста дара тұлғалық пікірге қарағанда ұжымдық позиция басым екенін дәлелдейді.

Ғылыми мәтіндерде екінші жақ есімдіктерінің («сен», «сіз») қолданылу жиілігі ең төмен (0,2 %, 10 рет) екені анықталды. Бұл ғылыми мәтіннің жанры мен мақсатты аудиториясына байланысты: ғылыми мәтіндер жеке қарым-қатынасты емес, жалпы ғылыми қауымдастыққа бағытталған объективті ақпаратты жеткізуге негізделеді.

Белгісіздік және жалпылауыш есімдіктер («біреу», «әлдебір») шамамен 7,3 %-ды (330 рет) құрады. Олардың қолданылуы жалпы ғылыми болжамдар мен ортақ пікірлерді білдіру кезінде байқалады. Бұл есімдіктер нақты авторлық позицияны белгілемей, ғылыми пайымдарды жалпылама түрде беруге мүмкіндік береді.

Орыс тіліндегі ғылыми мәтіндерде «мы» есімдігі жиі қолданылады, алайда оның көлемі мен пайдалану жиілігі қазақ тіліндегі қолданыспен салыстырғанда біршама жоғары. Бұл ұжымдық пікірдің басым болуымен қатар, автордың позициясын жұмсартып жеткізуге де септігін тигізеді. Мысалы: *Мы рассмотрим основные этапы анализа дискурса, затем определим критерии выбора лексических единиц.*

Мұнда да автор өзін «біз» деп ұжым атынан сөйлейді немесе белгілі бір ғылыми ортаға сүйенетінін аңғартады. Кей жағдайларда «я полагаю», «на мой взгляд» деген құрылымдарды кездестіруге болады, алайда орыс ғылыми мәтіндерінде де бірінші жақ көпше түрде сөйлеу маңызды стильдік ерекшелік ретінде танылады.

Ағылшын тіліндегі академиялық дискурста «I» есімдігіне қатысты көзқарас өзгеріп келеді. Дәстүрлі тұрғыда ғылыми мәтіндерде «we» қолданылып, автор мен оқырманға ортақ тәжірибеге сілтеме жасалатын. Алайда соңғы жылдары «I argue that...», «I propose...» деген конструкциялар да жиі кездеседі. Мұның себебі – заманауи ғылыми мақалаларда автордың жеке үлесінің айқын көрініп, дәлелдемелік базамен бекітілуі талап етіледі. Алайда бұл ағылшын тілінде «we» есімдігінің қолданылмай қалғанын білдірмейді. Көптеген зерттеулерде, әсіресе ұжымдық еңбектерде, «we» арқылы бірнеше зерттеушінің ортақ жұмысына сілтеме жасалады: *We conducted a corpus-based analysis of academic texts published in leading journals.*

Авторлар «біз» есімдігі арқылы бірлескен зерттеуді, топтық жұмыс нәтижесін көрсете отырып, ғылыми қауымдастықпен біртұтас екенін байқатады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант №AP23488585 «Цифрлық гуманитарлық ғылымдар: Академиялық қазақ тілінің корпусын әзірлеу»).

Қорытынды

Жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижелері қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі академиялық мәтіндерде есімдіктердің маңызды рөл атқаратынын нақтылайды. Біріншіден, есімдіктер автордың зерттеуге деген жеке немесе ұжымдық көзқарасын танытады. Қазақ тілінде көбінесе біртұтас ұжымдық ұстаным «біз» арқылы берілсе, орыс тілінде де осы тәсіл басымдыққа ие. Екіншіден, ағылшын тілінде автордың жеке жауапкершілігі мен дара зерттеу үлесін көрсету үшін «I» есімдігі белсенді қолданылып келеді. Үшіншіден, үш тілде де дискурстың академиялық сипаты формалдылық пен нақты дәлелдеуге, тұжырымды құрылымдауға негізделгені-мен, әр тілдің стилистикалық, мәдени дәстүрлері дискурстың өзіндік бедерін айқындайды.

Академиялық тілдің бір ерекшелігі – формалдылық дәрежесінің жоғары болуы. Дегенмен тілдік нормалар уақытпен бірге өзгеріске ұшырайды. Әсіресе, қазіргі ғылыми қауымдастықта «авторлық менді» көрсетуге деген сұраныс өсуде. Бір жағынан, бұған ағылшын тілінің халықаралық ғылыми ортада үстемдік етуі ықпал етсе, екінші жағынан, жас ғалымдардың өзіндік салмағын таныту қажеттілігі де әсер етеді.

Ғылыми мақалалар мен диссертациялар жазудағы көптілді тәжірибе бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр. Қазіргі жаһандану заманында қазақ тіліндегі еңбектердің халықаралық деңгейде таныла бастауы үшін авторлар академиялық дискурстың әлемдік стандарттарын меңгеруі қажет. Оның ішінде есімдіктерді дұрыс қолдану – ғылыми мәтіннің стильдік сапасын арттырып, оны оқырманға барынша түсінікті етеді. Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында академиялық жазылым пәндерін оқытуда, аудармашылық саласында және ғылыми мақалаларды редакциялауда кеңінен қолданылмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Оразбаева, Ф.** Ой өрнегі – сөз. Зерттеулер [Мәтін]. Т.1.– Алматы : Ан арыс, 2020. – 516-б.

2 **Айтбаев, Ө.** Тілғұмырлар: Қазақ лингвистері мен тіл жанашырлары [Мәтін]. – Алматы : Абзал-ай, 2014. – 400-б.

3 **Құрманбайұлы, Ш., Құлманов, С.** Қазақ терминжасамы : дәстүрлі үдерістер және қазіргі даму бағыты // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – №4. – 2023. – 107–129-бб. [Электронды ресурс]. – Қатынау режимі: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.08>

4 **Әбілқасымов, Б.** ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1982. – 222-б.

5 **Сыздықова, Р.** Көптомдық шығармалар жинағы [Мәтін]. Т.3. – Алматы : Ел-шежіре, 2014. – 351-б.

6 **Балақаев, М.** Қазақ тіл білімінің мәселелері. [Мәтін]. – Алматы : Арыс, 2008. – 592-б.

7 **Ибатов, А.** Қазақ тіліндегі есімдіктер тарихынан [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1966 – 131-б.

8 **Оспанов, Е.** Академиялық жазылым негіздері. Оқу құралы [Мәтін]. – Алматы, 2020. – 120 б.

9 **Динаева, Б., Сапина, С.** Академиялық сауаттылықтың теориялық және практикалық негіздері [Мәтін]. – Астана, 2016. – 130-б.

10 **Russell, D. R.** Academic and scientific texts: the same or different communities? // *University Writing: Selves and Texts in Academic Societies*. – 2012. Vol. 24. – P. 3–17.

11 **Гальперин, И.** Текст как объект лингвистического исследования [Текст]. – М.: Наука, 1981. – 139 с.

12 **Валгина, Н.** Теория текста [Текст]. – М.: Логос, 2004. – 279 с.

13 **Александрова, О.** Лингвистические особенности научного дискурса [Текст]. – М.: Наука, 2010. – 350 с.

14 Национальный корпус русского языка [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://ruscorpora.ru/>

15 British National Corpus (BNC) [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.english-corpora.org/bnc/>

16 **Einstein, A.** *Essays in science* [Text]. – New York: The philosophical library, 1934. – 114 p.

17 **Hyland, K.** Humble servants of the discipline? Self-mention in research articles in English [Text] // *English for Specific Purposes*. – 2011. – Vol. 20. – № 3. – P. 207–226.

18 **Hyland, K.** Stance and engagement: a model of interaction in academic discourse [Text] // *Discourse Studies*. – 2019. – Vol. 7. – № 2. – P. 173–192.

REFERENCES

1 **Orazbaeva, F.** Oi örnegi – söz. Zertteuler [The Pattern of Thought is the Word. Researches] [Text]. – Almaty: Ana tili, 2020. – 516 p.

2 **Aitbaev, Ö.** Tilgumyrlar: Qazaq lingvisteri men til zhanashyrlary [Lives Devoted to Language: Kazakh Linguists and Language Advocates] [Text]. – Almaty: Abzal-ai, 2014. – 400 p.

3 **Qurmanbaiuly, Sh., Qulmanov, S.** Qazaq terminzhasamy: dasturli üderister zhane qazirgi damu baghyty [Kazakh Terminology Formation: Traditional Processes and Current Trends] [Text] // *Eurasia gumanytarlyq instituty Khabarshysy* – 2023. – No. 4. – P. 107–129. [Electronic resource]. – Access mode: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.08>

4 **Abilkassimov, B.** XIX gasyrdyng ekinshi zhartyсындаgy qazaq adebі tili [Kazakh Literary Language in the Second Half of the 19th Century] [Text]. – Almaty: Gylym, 1982. – 222 p.

5 **Syzdyqova, R.** Köptomdyq shygharmalar zhinaghy [Collected Works. Vol. 3] [Text]. – Almaty: El-shezhire, 2014. – Vol. 3. – 351 p.

6 **Balaqaeв M.** Qazaq til bilimining мәseleleri [Issues of Kazakh Linguistics] [Text]. – Almaty: Arys, 2008. – 592 p.

7 **Ibatov, A.** Qazaq tilindegi esimdikter tarihy [On the History of Pronouns in the Kazakh Language] [Text]. – Almaty : Gylym, 1966. – 131 p.

8 **Ospanov, E.** Akademiialyq zhazylym negizderi: oku quraly [Basics of Academic Writing: A Textbook] [Text]. – Almaty, 2020. – 120 p.

9 **Dinaeva, B., Sapina, S.** Akademiialyq sauattylyqtyng teoriialyq zhane praktikalыq negizderi [Theoretical and Practical Foundations of Academic Literacy] [Text]. – Astana, 2016. – 130 p.

10 **Russell, D. R.** Academic and scientific texts: the same or different communities? [Text] // University Writing: Selves and Texts in Academic Societies. – 2012. – Vol. 24. – P. 3–17.

11 **Galperin, I.** Tekst kak ob'ekt lingvisticheskogo issledovaniya [Text as an Object of Linguistic Research] [Text]. – Moscow : Nauka, 1981. – 139 p.

12 **Valgina, N.** Teoriya teksta [Text Theory] – Moscow : Logos, 2004. – 279 p.

13 **Aleksandrova, O.** Lingvisticheskie osobennosti nauchnogo diskursa [Linguistic Features of Scientific Discourse] [Text]. – Moscow : Nauka, 2010. – 350 p.

14 Natsional'nyi korpus russkogo yazyka [National Corpus of the Russian Language] [Electronic resource]. – Access mode: <https://ruscorpora.ru/>

15 British National Corpus (BNC) [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.english-corpora.org/bnc/>

16 **Einstein, A.** Essays in science [Text]. – New York : The philosophical library, 1934. – 114 p.

17 **Hyland, K.** Humble servants of the discipline? Self-mention in research articles in English [Text] // English for Specific Purposes. – 2011. – Vol. 20. – № 3. – P. 207–226.

18 **Hyland, K.** Stance and engagement: a model of interaction in academic discourse [Text] // Discourse Studies. – 2019. – Vol. 7. – № 2. – P. 173–192.

06.05.25 ж. баспаға түсті.

08.07.25 ж. түзетулерімен түсті.

16.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. Ә. Сәрсеке¹, Б. Е. Акмагамбетова²

¹Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана;

²Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева,
Республика Казахстан, г. Петропавл.

Поступило в редакцию 06.05.25.

Поступило с исправлениями 08.07.25.

Принято в печать 16.02.26.

АКАДЕМИЧЕСКИЙ ДИСКУРС: ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МЕСТОИМЕНИЙ

Данная статья направлена на сравнительный анализ языковых особенностей академического дискурса на казахском, русском и английском языках. Актуальность исследования определяется важностью интеграции в международное научное сообщество в современную эпоху глобализации.

Высокий уровень языковой компетентности сегодня влияет на мировое признание исследователей, повышение индекса цитируемости научных трудов и конкурентоспособность в глобальном научном пространстве. В этом контексте выявление сходств и различий академического дискурса между казахским, русским и английским языками необходимо для эффективного использования языковых средств в научной коммуникации.

Цель исследования-провести систематический сравнительный анализ лексико-грамматических и стилистических особенностей в академических текстах на трех языках, особенно употребления местоимений. В основу статьи легли монографии и докторские, магистерские диссертации, изданные с 2020 года. В ходе исследования анализируется семантическая, стилистическая функция местоимений, используемых в научных текстах, и их место в формировании образа автора.

Теоретическая ценность исследования заключается в представлении комплексного сравнительного анализа дискурсивной деятельности грамматических личностей в нем, в первую очередь местоимений, с акцентом на тенденции развития одинакового академического дискурса на трех языках.

Практическая значимость исследования заключается в том, что результаты и выводы, полученные в статье, будут методически полезны языковедам в высших учебных заведениях, переводчикам, преподавателям, обучающим навыкам академического письма, и подготовителям статей для международных журналов. Выводы, найденные в исследовании, могут быть использованы при решении вопросов совершенствования академического стиля, обеспечения правильной передачи авторской позиции в научных текстах, соблюдения языковых норм и жанровых требований.

В данном исследовании использовались методы анализа литературы, сравнительного метода на основе корпуса, статистического количественного анализа и качественной

характеристики. В результате были определены семантические, стилистические и культурно-социальные аспекты местоимений в Академическом тексте и дана оценка их функциональной роли.

Ключевые слова: академический текст, научный стиль, коммуникация, языковое средство, местоимение, лексико-грамматическая, стилистическая специфика.

*G. A. Sarseke¹, B. E. Akmagambetova²

¹L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana;

²M. Kozybayev North Kazakhstan University,
Republic of Kazakhstan, Petropavlovsk.

Received 06.05.25.

Received in revised form 08.07.25.

Accepted for publication 16.02.26.

ACADEMIC DISCOURSE: FEATURES OF THE USE OF PRONOUNS

This article is aimed at a comparative analysis of the linguistic features of academic discourse in Kazakh, Russian and English. The relevance of the research is determined by the importance of integration into the international scientific community in the modern era of globalization.

The high level of linguistic competence today affects the worldwide recognition of researchers, the increase in the citation index of scientific papers and competitiveness in the global scientific space. In this context, identifying the similarities and differences of academic discourse between Kazakh, Russian and English is necessary for the effective use of linguistic means in scientific communication.

The purpose of the study is to conduct a systematic comparative analysis of lexico-grammatical and stylistic features in academic texts in three languages, especially the use of pronouns. The article is based on monographs and doctoral and master's theses published since 2020. The study analyzes the semantic and stylistic function of pronouns used in scientific texts and their place in shaping the author's image.

The theoretical value of the research lies in the presentation of a comprehensive comparative analysis of the discursive activity of grammatical personalities in it, primarily pronouns, with an emphasis on the development trends of the same academic discourse in three languages.

The practical significance of the research lies in the fact that the results and conclusions obtained in the article will be methodically useful to linguists in higher education institutions, translators, teachers teaching academic writing skills, and authors of articles for international journals. The conclusions found in the study can be used to address issues of improving academic style, ensuring the correct transmission of the author's position in scientific texts, compliance with linguistic norms and genre requirements.

In this study, the methods of literature analysis, comparative corpus-based method, statistical quantitative analysis and qualitative characteristics were used. As a result, the semantic, stylistic, cultural and social aspects of pronouns in the Academic Text were identified and their functional role was assessed.

Keywords: academic text, scientific style, communication, linguistic means, pronoun, lexico-grammatical, stylistic specifics.

Теруге 16.02.2026 ж. жіберілді. Басуға 27.03.2026 ж. кол койылды.

Электронды баспа

5,46 МБ RAM

Шартты баспа табағы 40,7. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исақова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4508

Сдано в набор 16.02.2026 г. Подписано в печать 27.03.2026 г.

Электронное издание

5,46 МБ RAM

Усл. печ. л. 40,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исақова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4508

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz